20845699291

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 14 ақпан №5165-24-00-2/195 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С. Байтенов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының білім басқармасының «Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «IT QORGAU» Екметов Даулет Ергалиулы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысының білім басқармасының «Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «IT QORGAU» Екметов Даулет Ергалиулы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «IT QORGAU» Екметов Даулет Ергалиулынан талап қоюшы Түркістан облысының білім басқармасының «Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 6 800 (алты мың сегіз жүз) теңге тұрақсыздық айыппұл, 206 (екі жүз алты) теңге төленген мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым беруі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **С. Байтенов**

Құжатқа қол қойылған: Байтенов С. К., 15.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.03.2024, судья Байтенов С. К., 29.03.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»